

Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес
Басқармасы мүшелерінің қашықтан өткізу тәсілімен өткізілген отырысымен.
2024 жылғы 6 маусымдағы №11 хаттамамен
«БЕКІТІЛДІ»

7
Қазақстан Республикасы
Әділет Министірлігі
Алматы қаласы
Әділет Департаменті

2024 ж. «06» 08 жүргізілді.
БСН 217040005640

Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңесінің
ЖАРҒЫСЫ

Алматы, 2024

I-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Атауы

1. Мемлекеттік тілдегі толық атауы: Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңес; мемлекеттік тілдегі қысқартылған атауы: АҚКК.

2. Орыс тіліндегі толық атауы: Профессиональный совет по аудиторской деятельности; орыс тіліндегі қысқартылған атауы: ПСАД.

2-бап. Құқықтық мәртебесі. АҚКК қызметінің мәні мен мақсаты

1. Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңесі, бұдан әрі АҚКК деп аталады, «Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы» Кәсіби Аудиторлық ұйымы құрған, коммерциялық емес ұйымның мүшелігі жоқ болып табылады.

2 АҚКК қызметінің мәні аудиторлық қызмет қағидаттарын, аудиттің стандарттарын іске асыру және Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметтердің сапасын арттыру болып табылады.

3. АҚКК қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыру шарттарын қамтамасыз ету болып табылады.

4. АҚКК заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тұрғыда тіркелген сәттен бастап құрылған болып саналады.

5. АҚКК өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Аудиторлық қызмет туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, осы Жарғыға және АҚКК ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

6. АҚКК меншігінде міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдардан, кәсіби ұйымдардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және АҚКК қызметінің мақсаттарына сай келетін көздердің есебінен қалыптастырылатын мүлік болуы мүмкін; мүліктік және мүліктік емес құқықтарды сатып алу және жүзеге асыру; жауапты болу; Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша өндіріп алу қолданылуы мүмкін мүлікпен сот тәртібімен жауап беру.

7. АҚКК дербес бухгалтерлік балансы бар.

8. АҚКК мөрі, өз атауы жазылған бланкілері бар.

9. АҚКК рәміздері – эмблемасы, елтаңбасы, басқа да геральдикалық белгілері болуы тиіс, олардың сипаттамасы құрылтай құжаттарында мәлімделуі қажет.

10. АҚКК Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде шоттар ашуға құқылы.

11. АҚКК және оның атқарушы органдарының қызметі туралы мәліметтер ашық және жалпыға қолжетімді болып табылады.

12. АҚКК филиалдар мен өкілдіктер құруға құқығы жоқ.

3-бап. АҚКК орналасқан жері

1. АҚКК орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 050036, 6 ықшам аудан, 56 үй, 21 кеңсе.

4-бап. АҚКК жауапкершілігі

1. АҚКК өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алуға болатын өз мүлкі шегінде ғана жауапты болады. АҚ Кәсіби Кеңесінің құрылтайшылары оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2. АҚКК уәкілетті органға және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға қызмет туралы жылдық есептілікті Басқарма бекіткен күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде жібереді.

5-бап. АҚКК кеңесінің мүлкін қалыптастыру көздері

1. АҚКК - інің мүлкін қалыптастыру көздері:

1) міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдардан бір жолғы немесе тұрақты түсімдер;

2) кәсіби аудиторлық ұйымдардан бір жолғы немесе тұрақты түсімдер;

3) АҚКК-інің құрылтайшылары берген мүлік;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер болып табылады.

2. АҚКК-іне оның құрылтайшылары берген мүлік АҚКК-інің меншігі болып табылады.

6-бап. АҚКК қызмет мерзімі

1. АҚКК қызмет мерзімін шектемей құрылады.

II-БӨЛІМ. АҚКК ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ

7-бап. АҚКК-інің құрылтайшылары туралы мәліметтер

1. АҚКК-інің құрылтайшысы «Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы» Кәсіби аудиторлық ұйымы болып табылады, БСН 061140006025, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., 6-шы ықшамаудан, 56-үй.

2. АҚКК құрылтайшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтарға ие және міндеттерге ие.

3. АҚКК Басқармасына қабылдау кәсіби аудиторлық ұйымның, Басқарма жұмысына қатысуға құқығы бар ұйымдар мен жеке тұлғалардың өтініштерді беруі арқылы жүзеге асырылады.

III-БӨЛІМ. БАСҚАРУ ОРГАНЫ МЕН АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТІ

8-бап. АҚКК-інің басқару органдары мен атқарушы органдары

1. Жоғары басқару органы - АҚКК-інің Басқармасы (бұдан әрі - Басқарма).
2. АҚКК атқарушы органдарына Сапаны бақылау комитеті, Біліктілік комиссиясы, Атқарушы алқалық орган, Басқарма бекіткен өзге органдар жатады.
3. Бақылау органы – АҚКК Тексеру комиссиясы.

9-бап. АҚКК Басқармасы

1. Басқарма Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, АҚКК-інің Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес АҚКК-інің қызметіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

2. Басқарманың құрамына келесі өкілдер кіреді:

- 1) Кәсіби ұйымдардың – тең мөлшерде;
- 2) Уәкілетті органның - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – уәкілетті орган) (Басқарма Төрағасы болып табылатын, аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға қатысты мәселелер жөніндегі басшы немесе орынбасары);
- 3) «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының - аудитке қатысты мәселелер бойынша;
- 4) «Астана» халықаралық қаржы орталығы;
- 5) Жоғары ғылыми мекемелер және (немесе) ғылыми ұйымдар;
- 6) «Аудитор» біліктілік куәлігі және (немесе) Халықаралық бухгалтерлер Федерациясы таныған аудит саласындағы халықаралық сертификаттарының бірі бар тәуелсіз директор.

3. Басқарма мүшелерінің саны так санды құрауы тиіс, бұл ретте кәсіби ұйымдар өкілдерінің саны Басқарма мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен артық болмайтын санды құрауы тиіс. Басқарманы Төраға басқарады.

4. Басқарма өкілдеріне сыйақы төленбейді.

5. Басқарма мүшелері Құпиялылық туралы келісімге қол қояды. Құпиялылық туралы келісімге АҚКК атынан атқарушы алқалық органның Төрағасы қол қояды.

6. Басқарма Төрағасы мен/немесе Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату келісімдерді олардың өкілеттіктерін тоқтату туралы шешім күшіне енген күннен бастап бұзуға әкеп соғады.

7. Басқарманы Басқарма Төрағасы басқарады. Басқарма төрағасы уәкілетті органның өкілі болып табылады (басқарма төрағасы болып табылатын, аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға қатысты мәселелер бойынша басшы немесе оның орынбасары).

10-бап. Басқарма мүшесіне қойылатын біліктілік талаптары

1. Басқарма мүшелігіне кандидаттардың кәсіби тәжірибесі, білімі және іскерлік беделі, Басқарма жұмысына өз үлесін қосу қабілеті және ортақ мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмыс істеу ниеті болуға тиіс.

2. Басқарма мүшелігіне кандидат болып табылатын тұлғалар Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды сақтау бойынша шектеулерді және міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

3. Басқарма мүшесі қызметіне:

1) жоғары білімі;

2) басшылық лауазымында жұмыс тәжірибесі бар адам сайлана алады.

4. Басқарма мүшелігіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам кандидат бола алмайды.

11-бап. Басқарманың құзыреті

1. Басқарманың ерекше құзыретіне мыналар жатады:

1) АҚКК-інің мүлкін қалыптастыру тәртібін қоса алғанда, АҚКК-інің ішкі құжаттарын бекіту;

2) АҚКК атқарушы органдарына ұсынылған кандидатураларды бекіту;

3) АҚКК қызметінің жарғылық мақсаттарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

4) аудиторлық қызметті дамыту және аудиторлық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында АҚКК қызметінің бағытын айқындау;

5) аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау бағдарламасын келісу;

6) АҚКК сапаны сыртқы бақылау объектілеріне қойылатын талаптарды бекіту;

7) аудиторлық ұйымдардың сапасына сыртқы бақылау жүргізу тәртібін келісу;

8) АҚКК сапаны бақылау комитеті ұсынған өтінішхаттар бойынша аудиторлық ұйымды кәсіби ұйымға мүшеліктен шығару туралы ұсынымдарды қарау және беру;

9) АҚКК сапаны сыртқы бақылау объектілері қызметінің сапасына жүргізілген сыртқы бақылаудың нәтижелерін келісу;

10) кәсіби ұйымдарға, аудиторлық ұйымдарға және аудиторларға қатысты өтініштерді қарау;

11) АҚКК қызметі туралы жылдық есептілікті бекіту;

12) АҚКК Апелляциялық комиссиясының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

13) аудиторлық және кәсіптік ұйымдарға қарсылықтар болмаған және (немесе) апелляциялық комиссия шешімі болған жағдайларда, оларға сыртқы сапа бақылауын жүргізу тәртібіне сәйкестігіне тексеру жүргізу арқылы жүзеге асырылатын бақылау нәтижелерін қарау және келісу.

2. Басқарма АҚКК қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

12-бап. АҚКК Сапаны бақылау комитеті

1. АҚКК Сапаны бақылау комитетінің құрамына кемінде үш жылға дейінгі мерзімге аудит жүргізу саласында кемінде он жыл жұмыс тәжірибесі бар кемінде екі тәжірибеден өтпейтін сарапшы кіреді және (немесе) кемінде бес жыл аудит жүргізу саласында жұмыс тәжірибесі бар, «аудитор» біліктілік куәлігі және (немесе) Халықаралық бухгалтерлер Федерациясы таныған аудит саласындағы халықаралық сертификаттардың бірі бар және Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жауаптылыққа тартылмаған тәжірибеден өтпейтін сарапшылар кіруі мүмкін.

2. Сапаны бақылау комитетінің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Басқармамен бекітілген АҚКК сапасын сыртқы бақылау объектілеріне қойылатын талаптарға АҚКК сапасын сыртқы бақылау объектілеріне сәйкестігіне тексеру жүргізу арқылы бақылауды жүзеге асыру;

2) АҚКК сапаны сыртқы бақылау объектілерінің сапасына сыртқы бақылау жүргізу;

3) Басқармаға АҚКК сапаны сыртқы бақылау объектілерінің сапасына жүргізілген сыртқы бақылаудың нәтижелерін келісуге ұсыну;

4) Басқармамен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен аудиторлық ұйымдардың сапасына сыртқы бақылау жүргізудің үлгілік қағидаларына, оның ішінде аудиторлық және кәсіптік ұйымдарды тексеру өлшемшарттарына сәйкес аудиторлық ұйымдардың сапасына сыртқы бақылау жүргізу тәртібін әзірлеу және бекіту;

5) АҚКК-інің сапасын сыртқы бақылау объектілерінің сапасына жүргізілген сыртқы бақылаудың нәтижелерін АҚКК-інің интернет-ресурсына жайғастыру;

6) Басқармаға аудиторлық ұйымды кәсіби ұйымның мүшелігінен алып тастау туралы өтінішхатты ұсыну;

7) осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, аудиторлық және кәсіптік ұйымдардың аудиторлық ұйымдардың сапасына сыртқы бақылау жүргізу тәртібіне сәйкестігіне тексеру жүргізу арқылы бақылауды жүзеге асыру.

3. Аудиторлық ұйымдардың сапасына сыртқы бақылау жүргізу кезінде сапаны бақылау комитеті алған коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етілуге жатпайды.

13-бап. Біліктілік комиссиясы

1. Біліктілік комиссиясының құрамына уәкілетті органның өкілі және кәсіптік ұйымдар өкілдерінің тең саны кіреді, бұл ретте Біліктілік комиссиясының құрамы оның мүшелерінің тақ санынан тұруға тиіс. Біліктілік комиссиясының құрамына тәжірибеден өтпейтін сарапшылар да кіруі мүмкін.

2. Біліктілік комиссиясының Төрағасы болып аудит жүргізу саласында жұмыс тәжірибесі бар аудитор сайланады.

Біліктілік комиссиясының Төрағасы Біліктілік комиссиясы мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен үш жыл мерзімге сайланады. Бір адам қатарынан екі рет Төраға болып сайлана алмайды.

3. Біліктілік комиссиясының Төрағасы болып сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адам сайлана алмайды.

4. Біліктілік комиссиясы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының қоры жариялаған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, аудит стандарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуге тиіс аудиторларға кандидаттарды аттестаттау бағдарламасын әзірлейді, бекітеді және басқармамен келіседі.

5. Аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу тәртібі бұзылған жағдайда уәкілетті орган біліктілік комиссиясының шешіміне сотқа шағымдануға құқылы.

14-бап. Атқарушы алқалы орган

1. Төраға басқаратын атқарушы алқалы орган осы Жарғыға сәйкес АҚКК қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады.

2. Атқарушы алқалы органның төрағасы мен мүшелері лауазымға Басқарма шешімімен үш жыл мерзімге бекітіледі.

3. Басқарма мүшелері айқындайтын шектеулерді ескере отырып, атқарушы алқалы органның мынадай міндеттері бар:

1) жалпы басшылықты және басқаруды, тұрақты күнделікті менеджментті және АҚКК қызметіне бақылауды, сондай-ақ Басқарма мүшелері ұйғаратын басқа да өкілеттіктер мен міндеттерді жүзеге асыру;

2) персоналды тағайындау, жұмыстан босату және оған басшылық ету шеңберінде АҚКК кадр мәселелерін шешуді қоса алғанда, персоналға, еңбекке ақы төлеуге, жұмыс режиміне, Үй-жайлар мен жабдықтарға қатысты АҚКК қызметін қамтамасыз ету;

3) олардың сақталуын бақылауды қоса алғанда, жұмыс режимін және ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларын белгілеу болып табылады;

4) Қазақстан Республикасының және одан тыс жерлердегі банктерде АҚКК атынан бір немесе одан да көп банктік шоттар ашу және егер бұл АҚКК үшін қажет болса, оларды жабу;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында және басқа ұйымдарында, сондай-ақ үшінші тұлғалармен қатынастарда АҚКК мүдделерін білдіру болып табылады;

6) АҚКК қызметін қамтамасыз ету мақсатында Басқарма мүшелерінің, басқа атқарушы органдардың ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

15-бап. Атқарушы алқалы органның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату

1. Атқарушы алқалы орган төрағасының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:

- 1) Басқарма шешімімен;
- 2) атқарушы алқалы орган төрағасының өтініші бойынша жүзеге асырылады.

16-бап. Мүдделердің қақтығысы

1. АҚКК-нің және Атқарушы алқалы органның Төрағасының мүдделер қақтығысы оның АҚКК-нің атынан белгілі бір әрекеттерді, оның ішінде белгілі бір пайда алатын басқа ұйымдармен немесе жеке тұлғалармен мәмілелер жасау жөніндегі өкілеттіктерінің болуына байланысты мүмкін болады.

2. АҚКК және атқарушы алқалы органның Төрағасы атынан мүдделер қақтығысын болдырмау үшін кейінгісі осы Жарғыда көзделмеген максаттарда АҚКК мүмкіндіктерін (мүлік, мүліктік және мүліктік емес құқықтар, құпия ақпарат) пайдаланбауға тиіс.

3. Егер атқарушы алқалы органның Төрағасы мүдделілік болуына орай іс-әрекеттер жасауды болжаған жағдайда, ол осы іс-әрекеттер туралы Басқарма мүшелеріне хабарлауға және көрсетілген іс-әрекеттерді олар Басқарма шешімімен мақұлданғаннан кейін ғана жүзеге асыруға міндетті.

4. Жасалуына жеке мүдделілігі бар және осы Жарғының талаптарын бұза отырып жасалған мәмілені сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

IV-БӨЛІМ. БАСҚАРМАНЫҢ ШЕШІМДЕРДІ ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

17-бап. Басқарманы шақыру тәртібі

1. Басқарманың барлық мүшелері Басқарманың шешімдерін қабылдау кезінде тең құқықтарға ие.

2. Басқарманың әрбір мүшесі шешім қабылдау кезінде бір дауысқа ие. Басқарманың мүшелері Басқарманың жұмысына жеке қатысады. Басқарма мүшесінің өкілеттіктерін басқа тұлғаларға беруге (оның ішінде сенімхат бойынша) рұқсат етілмейді.

3. Басқарманың отырысы кезекті немесе кезектен тыс болуы мүмкін.

4. Басқарманың кезекті отырысы жылына кемінде екі рет шақырылады.

5. Басқарманың кезектен тыс отырысы Басқарманың ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін осы Жарғыда айқындалған жағдайларда Басқарманың кезекті отырыстары арасында өткізіледі.

6. Басқарма Атқарушы алқалы органның шешімі бойынша шақырылады. Атқарушы алқалы органның Басқарманы шақыру туралы шешімі оны өткізу күніне дейін 10 күннен кешіктірілмей қабылдануға тиіс.

7. Басқарманың кезектен тыс отырысы Басқарманың кезекті отырысы өткізілгенге дейін кейінге қалдыруға болмайтын мәселелерді шешу үшін шақырылады.

8. Басқарманың кезектен тыс отырысын шақыру туралы шешімді Атқарушы алқалы орган мынадай негіздер бойынша қабылдайды:

1) кейінге қалдыруға болмайтын АҚКК қызметінің мәселелерін шешу қажеттілігі үшін өз бастамасы бойынша;

- 2) Сапаны бақылау комитетінің, Біліктілік комиссиясының талап етуі бойынша;
- 3) Тексеру комиссиясының талап етуі бойынша;
- 4) Басқарма мүшелерінің кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша.

9. Атқарушы алқалы органның Басқарма отырысын өткізу туралы шешімінде мыналар айқындалуға тиіс:

- 1) Басқарма отырысының мәртебесі: кезекті немесе кезектен тыс;
- 2) Басқарманың кезектен тыс отырысын шақыру үшін негіздеме;
- 3) Басқарма отырысының өткізілетін күні, орны және уақыты;
- 4) Басқарма отырысының күн тәртібінің жобасы;
- 5) Басқарма отырысының күн тәртібі бойынша Басқарма мүшелерінің ұсыныстарын қабылдаудың аяқталу күні;
- 6) Басқарма мүшелерінің алдын ала танысуы үшін ақпарат пен материалдардың тізбесі, сондай-ақ осындай танысу тәртібі;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша бюллетеньдерді пайдалана отырып (ашық немесе жабық (жасырын) дауыс берудің ұсынылып отырған тәртібі);
- 8) Басқарманың отырысын өткізуге дайындық жасау үшін қажетті өзге де мәселелер.
10. Басқарманың Басқарма отырысының күн тәртібіне енгізілмеген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ күн тәртібін өзгертуге құқығы жоқ.

18-бап. Басқарма отырысының құқықтылығы. Кворум

1. Басқарманың отырысы, егер оның жұмысына Басқарма мүшелерінің жартысынан көбі (кворум) қатысса, заңды деп есептеледі.
2. Атқарушы алқалы орган Басқарма мүшелерін басқарманың кезекті отырысын өткізуге дейін кемінде 10 күн бұрын пошта және (немесе) электрондық байланыс құралдарын пайдалана отырып, Басқарманың отырысы өткізілетін күн туралы хабардар етуді ұйымдастырады. Хабарламада басқарманың алдағы отырысының материалдарымен танысу тәртібі көрсетіледі.

19-бап. Басқарманың отырысын жүргізу тәртібі. Басқарманың шешімдер қабылдау тәртібі

1. Басқарманың отырысы осы Жарғыда және Басқарманың отырысын өткізу регламентінде белгіленген тәртіппен өткізіледі.
2. Басқарманың отырысын ашу алдында Басқарма мүшелерін тіркеу жүргізіледі. Тіркеуді жүргізуді Атқарушы алқалы органның Төрағасы ұйымдастырады.
3. Басқарма төрағасы, ал ол болмаған кезде - Басқарма отырысына қатысқан Басқарма мүшелерінің ең көп дауыс санымен таңдалған Басқарма мүшесі Басқарма отырысында Төрағалық етуші болып табылады.

4. Басқарманың шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Басқарманың шешімдері ашық немесе жабық (жасырын) дауыс беру арқылы қабылданады.

6. Басқарманың шешімдері Хаттамамен ресімделеді, оны Басқарманың мүшелері әрбір отырыста сайлайтын хатшы жүргізеді.

7. Хаттамаға Басқарманың отырысы өткізілгеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей Басқарма Төрағасы мен хатшы қол қояды.

8. Хаттама жазбаша нысанда:

- 1) Басқарма отырысының өткізілетін күнін, уақытын, орнын;
- 2) Басқарма отырысына қатысқан адамдар туралы мәліметтерді;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижелерін;
- 4) Басқарманың шешім қабылдауына қарсы дауыс берген және Хаттамаға бұл туралы жазба енгізуді талап еткен адамдар туралы мәліметтерді көрсете отырып жасалады.

9. Басқарманың отырысы сырттай өткізілуі мүмкін. Бұл ретте бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер Басқарма мүшелеріне олар көрсеткен электрондық пошта мекенжайларына 10 күнтізбелік күн бұрын жолданады. Бюллетеньдер кері қарай да электрондық пошта арқылы қабылданады.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар болуға тиіс:

- 1) Атқарушы алқалық органның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні;
- 3) Басқарманың отырысын өткізбей өткізілетін күн не сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;
- 4) Басқарма отырысының күн тәртібі;
- 5) дауыс беру жүргізілетін мәселелерді тұжырымдау;
- 6) Басқарма отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «Жақтады», «Қарсы», «Қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Басқарма мүшесі өзінің аты-жөнін, дауыс берген күні мен уақытын көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Дауыстарды санау кезінде Басқарма мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

Дауыс беру кезінде жиналыс өткізілетін күннен кемінде 3 күн бұрын АҚКК алған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер ғана пайдаланылуы мүмкін.

V-БӨЛІМ. БАҚЫЛАУ ОРГАНЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

20-бап. Тексеру комиссиясы

1. АҚКК қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін бес жыл мерзімге тексеру комиссиясы сайланады. Тексеру комиссиясын оның мүшелері сайлайтын төраға басқарады. Тексеру комиссиясы үш адамнан тұрады.

2. Басқарма мүшелері, Атқарушы органның Төрағасы мен мүшелері, Сапаны бақылау және Біліктілік комиссиясы комитетінің мүшелері Тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

3. Тексеру комиссиясы Басқармаға есеп береді.

4. Тексеру комиссиясы АҚКК өткен жылғы қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізеді.

5. АҚКК қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу тәртібі Тексеру комиссиясы туралы Ережемен анықталады.

6. АҚКК қаржы-шаруашылық қызметін тексеру нәтижелері туралы есеп жасалады. Тексеру комиссиясының мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша баяндауға құқылы, ол есепке қосымша болып табылады.

VI-БӨЛІМ. АҚКК ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

21-бап. Жарғыға өзгерістер енгізу

1. Осы Жарғыға өзгерістер енгізу немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту Басқарманың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар олар әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

VII-БӨЛІМ. АҚ КӘСІБИ КЕҢЕСІН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

22-бап. Қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі

1. АҚКК қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Басқарманың немесе соттың шешімі бойынша жүргізіледі.

2. АҚКК қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені Атқарушы алқалы органдардың мүшелері өз бастамасы бойынша немесе Басқарма мүшелерінің кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша енгізуге құқылы.

3. АҚКК таратылған жағдайда мүлікті пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

23-бап. Мүлікті пайдалану тәртібі

1. АҚКК қайта ұйымдастырылған жағдайда қалған мүлік пен қаражат құқықтық мирасқорға ауысады, АҚКК таратылған жағдайда - мүлік осы Жарғыда көзделген мақсаттарға бағытталады.

2. АҚКК заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелімінен шығарылған күннен бастап өз қызметін тоқтатты деп саналады.

24- бап. АҚКК құрылтайшылары:

1. «Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымы.

Аудиторлық қызмет жөніндегі
кәсіби кеңес Басқармасының
Төрағасы



Кенбеил Д.М.

1. Краткое содержание...
2. Анализ...
3. Заключение...

[Faint signature and circular stamp]

На листе № 1 из 1
Подпись _____
Страница _____
**АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«КАСБИ»**
К. Э. С. ПРОФЕССИОНАЛЫ
КАСБИ